

Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 тамыз N 1277

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан қаржыгерлерінің 1999 жылғы 28 мамырда өткен I Конгресінде сөйлеген сөзінен туындайтын міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру

тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қоса беріліп отырған Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кіріспе

Әртүрлі сараптау бағалаулары бойынша Қазақстанның тұрақты табысы бар немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (оның ішінде заңды тұлға құрмастан) азаматтарының едәуір бөлігінің "жастық астында" сақталып жатқан, ұйымдастырылмаған, жасырын жинақ ақшалары бір миллиардтан үш миллиардқа дейінгі АҚШ долларын құрайды. Осындай бағалаулардың әдістемелері бірінің негізі ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетелдік валютаны әкелу-әкету сальдосы (нетто-әкелім 1997-1999 жылдары жыл сайын орташа есеппен 2,5 миллиардқа жуық АҚШ долларын құрады) туралы, қолма-қол шетелдік валютаны

нетто-сатулар (олар осы кезең ішінде жыл сайын орта есеппен тек қана 2,4 миллиардқа жуық АҚШ долларын құрады) туралы статистикасы және қолма-қол шетелдік валютаның қандай бөлігі жинақ ақшаларды жүзеге асыруға арналғандығы, ал қандай бөлігі "көпшілік қолды тауарлар" бизнесіне және есеп айырысулар ол бойынша шетелдік валютамен "дәстүрлі" жүзеге асырылатын автомобиль, тұрғын үй және басқа тауарлар рыногындағы "сұрқай" айналымға қызмет көрсететіні туралы шартты жорамал пайдаланылады. Осы сомалар елдің іскерлік айналымында пайдаланылмайды және америка экономикасындағы инфляция қарқынына сәйкес құнсызданады. Салыстыру үшін - халықтың қазақстандық екінші деңгейдегі банктердегі салымдары 2000 жылғы 1 наурызға 59,9 миллиард теңгені (осы күнге биржалық бағам бойынша 426,7 миллионға жуық АҚШ долларына балама) құрайды. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі жиынтық зейнетақы активтері осы күнге 70,5 миллиард теңгені (502,2 миллион АҚШ долларына жуық балама) құрайды. Халықтың сақтандыру ұйымдары және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары арқылы жүзеге асырылатын жинақ ақшаларының нақты түрде мүлдем болмауын ескерсек, халықтың жасырын жинақ ақшаларының көлемі банктік және жинақтаушы зейнетақы жүйелеріндегі сомадан ең аз дегенде бір жарым есе асып түседі. Бұл ретте барлық зейнетақы жинақтарының, іс жүзінде, ерікті емес, міндеттеу сипатында жүретінін атап ө т у қ а ж е т .

Қаржы рыногында қалыптасқан басқа жағымсыз үрдіс, бұл салымшылар жасының ұлғаюы болып табылады. "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ" ААҚ-ның (оның халықтың барлық депозиттерінің жартысынан астамы шоғырланған) бағалауы бойынша ақша жинақтауға бейім және оларды банктік депозиттер арқылы жүзеге асыратын адамдардың жасы 50-ден асады. 30-дан 40 жасқа дейінгі аса жоғары табысты азаматтар өз ақшаларын қолма-қол шетелдік валютаға немесе ұзақ пайдаланатын тауарларға салуға баса мән беріп, не өздерінің жинақ ақшаларын шетелдік, ең алдымен оффшорлық банктерге әкетіп, өздерінің жинақ ақшаларын сақтауға арналған қазақстандық қаржы институттарының қызметін пайдалануға ынталы емес. Қазақстан азаматтарының 20-30 жастағы ұрпағы да жинақ ақшаларға мүлдем бейім емес және тек тұтынуға ғана бейім. Егер, халықтың елдің қаржы жүйесіне сенімі артпаған және ұйымдастырылған жинақ ақшаларды қабылдамаған жағдайда аталған үрдістің сақталуы таяудағы онжылдықта банктік депозиттік базаның ш ұ ғ ы л қ ы с қ а р у ы н а ә к е п с о ғ а д ы .

Сонымен бір мезгілде Қазақстан азаматтары әлдеқашан белгілі болған фактілерге және мемлекеттік және өзге де органдардың ескертулеріне қарамастан, кезең-кезеңімен түрлі қаржы пирамидаларының және басқа да алаяқтық нысандарының құрбандары болуда, мұның өзі, бір мезгілде мынадай бірнеше тұжырымды растайды:

- 1) халықтың белгілі бір мөлшерде жинақ ақшалары бар;

- 2) халық өздерінің жинақ ақшалары бойынша кіріс алуға ұмтылуда;
- 3) халық жария қаржылық жүйеге сенім білдірмейді (оның ішінде, қаржы рыногындағы кез-келген қызметті жария және мемлекет қадағалауындағы қызмет ретінде қабылдап, нақ сол қаржы пирамидаларының күйреуі себепті);
- 4) халық елдің қаржы жүйесі туралы - ол қандай, ол қалай жұмыс істейді және қаржы рыногында қандай тәуекелдер бар екендігі туралы қажетті білім деңгейіне ие емес ;
- 5) халық ұжымдық іс әрекетке ынталы.

Ұйымдастырылған жинақ нысандарынан бас тарту елдің іскерлік айналымға тартылмаған жинақ ақшаларының құнсыздануынан жоғарыда аталған шығындарға тап болған азаматтарда ғана емес және сонымен қатар, банкроттыққа ұшыраған қаржы пирамидаларының салымдарында да кері көрініс табады. Қазақстан экономикасына оны қолдау және қаржы ресурстарын сыртқы қарыздармен және инвестициялармен (оның ішінде үлкен көлемі қаржылық дағдарыстар туындауының негізгі факторларының бірі болып табылатын алыпсатарлық сипаттағы тұрақсыз портфельдік инвестициялармен) дамыту үшін қажетті жетіспеушіліктерді өтеуге мәжбүр болудан елеулі зиян келтірілуде. Ұлттық экономика бастан кешіп отырған проблемалар, өз кезегінде ел азаматтарының әл-ауқатын және қазақстандық шаруашылық субъектілерінің қаржылық жай-күйін нашарлатуға әкеп соғады.

ЖИНАҚ АҚШАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенінің (бұдан әрі - "Іс-шаралар кешені") стратегиялық мақсаты жинақ ақшалар дәстүрін жасау және оларды қаржы рыногының инфрақұрылымы арқылы инвестициялау жолымен Қазақстан экономикасын дамыту мақсатында пайдаланудан тұрады. Салымдарды жария қаржы жүйесі арқылы жүзеге асыру ұлттық дағдылары бар, екінші дүниежүзілік соғыстың қиратушылық зардаптарын барынша жылдам жоюға мүмкіндік берген, Германия мен Жапонияның экономикалық тәжірибесін Қазақстан қайталау керек.

Іс-шаралар кешенінің стратегиялық мақсатына жету барысында іс жүзінде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді екі қолданбалы мақсатқа қол жеткізілуі тиіс.

Іс-шаралар кешенінің қысқа мерзімді қолданбалы мақсаты халықтың жасырын жинақ ақшаларын елдің қаржы жүйесіне тартудан, оның ішінде қолма-қол шетелдік валютамен жүзеге асырылғанынан тұрады. Жоғарыда келтірілген сараптау бағалауларына сүйене отырып, іс-шаралар кешенін табысты жүзеге асыру 2000

жылдың аяғына елдің қаржы жүйесіне 1 миллиард АҚШ долларына дейінгі жасырын жинақ ақшалар тартылуы мүмкін деп жорамалдауға болады.

Іс-шаралар кешенінің ұзақ мерзімді қолданбалы мақсаты тұрақты ұлттық инвестициялық база жасаудан және сыртқы қарыз көздері мен инвестицияларға тәуелділікті азайтудан тұрады. Бұл ретте осы мақсаттың Қазақстан экономикасының шетелдік инвесторлар мен кредиторлар үшін ашықтығы саясатынан бас тартуды білдірмейтіндігін атап өту қажет. Тәуелділікті азайту шетелдік қаржыландыру көздерінің қысқаруы немесе мүлде жоғалуы Қазақстан экономикасына қауіпті әсер етуге әкеп соқпайтын тепе-теңдік нүктесінің табылуын жорамалдайды. Осы мақсатқа жету, сондай-ақ Қазақстан үшін қажетті инвесторларды және ел үшін қолайлы шарттармен қарыздар және инвестициялар тартуды таңдауға мүмкіндік жасайды.

Іс-шаралар кешенін табысты іске асыру ең алдымен, мынадай негізгі міндеттерді ш е ш у д і т а л а п е т е д і :

- 1) халықтың және ұйымдардың жинақ ақшаларын ондағы қатерлерден қорғаудың қаржы рыногының инфрақұрылымы арқылы жүзеге асырылатын тетіктерін жасау;
- 2) халықтың және ұйымдардың жинақ ақшаларын ынталандырудың қаржы рыногының инфрақұрылымы арқылы жүзеге асырылатын тетіктерін жасау.

Қойылған міндеттердің біріншісін шешу жүзеге асырылған жасырын жинақтарды қаржы жүйесіне тартуға және оған деген сенімділікті орнықтыруға мүмкіндік жасайды.

Негізгі міндеттің екіншісін шешу ұйымдастырылған жинақ ақшалардың ұзақ мерзімді ө с у ү р д і с і н ж а с а й д ы .

ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Халықтың және ұйымдардың жинақ ақшаларын елдің қаржы жүйесіне тарту тетіктерін жасау

Ұлттық Банк қалыптастырған, банктер таратылған жағдайда клиенттерге ақша төлеу көзделетін жеке тұлғалардың екінші деңгейіндегі банктердегі шұғыл салымдарын (депозиттерін) ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесі банктік жүйеге ақша тартудың маңызды факторы болуы тиіс. Таяу болашақта бұл жүйенің мүшелері болып табылмайтын екінші деңгейдегі банктерге жеке тұлғалардан депозиттерге ақша қабылдауға тыйым салынады. 2001 жылы депозиттерді ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесі жеке тұлғалардың талап етулері бойынша депозиттеріне де қолданылады. Сонымен бір мезгілде салымдары ұжымдық жүйе шеңберінде сақтандыруға жататын депозиторлардың шеңбері кеңі түседі.

Іс-шаралар кешенін іске асыру барысында банктік құпияны қатаң түрде қорғау қамтамасыз етіледі, олардың негізгі принциптері заңнамамен бекітілген. Жеке тұлғалардың банктер шоттарындағы ақшалары туралы мәліметтер тергеу органдарына тек қылмыстық іс қозғалғанда және прокурордың рұқсаты болған кезде ғана беріледі. Бұдан басқа, бағалы қағаздардың құпиялығы ұғымы және оны қорғаудың тетіктері (ашудың негіздері және рәсімдері) заңды түрде айқындалады.

Бүгінгі күнге салық және кеден қызметі органдарының заңды тұлғалардың банктік және өзге де шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктері заңды түрде айқындалған. Бұдан былай салық және кеден органдары заңды тұлғалардың шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға тек салық қызметіне салық есептеуге және төлеуге байланысты есепті тапсырудың белгіленген мерзімдерінің 10 күні ішінде бермеген жағдайда ғана құқығы бар. Мұндай жағдайларда салық органдары өздерінің іс-әрекеттері туралы міндетті түрде прокурорға хабарлау к е р е к .

Қаржы рыногының инфрақұрылымын жаңғырту

Осы бағыттың негізгі іс-шаралары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 658 P990658_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасымен а й қ ы н д а л ғ а н .

Қаржы құралдарының және қаржылық қызмет көрсетулердің тізбесін кеңейту

Іс-шаралар кешені бағыттарының бірі сақтандыру ұйымдарын дамыту болып табылады. Едәуір бұрынырақ пайда болған (Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет ретіндегі жасы жөнінде) Қазақстан сақтандыру рыногының осы уақытқа дейін қалыпты дамуы болған жоқ. 70 сақтандыру ұйымының төленген жарғылық жиынтық капиталы 2000 жылғы 1 қаңтарға 2 144 миллион теңгені немесе орта есеппен бір ұйымға тек қана 30,6 миллион теңгені (көрсетілген күнгі ресми бағам бойынша шамамен 221,7 мың АҚШ долларына балама) құрайды. Барлық сақтандыру ұйымдарының жиынтық сақтандыру резерві осы аталған күнге 4,0 миллиард теңгені (26,9 миллион АҚШ долларына балама) құрады. Бұл ретте барлық сақтандыру ұйымдарының активтері жалпы сомасының (оған сақтандыру резервтері де және олардың өз қаражаты да енгізілген) 35,7 пайызы қаржы құралдарына (шұғыл банктік депозиттер, қолма-қол ақшалар, мемлекеттік және борыштық бағалы қағаздар)

инвестицияланған, ал 21,6 пайызы жылжымайтын мүлікке салынды. Сақтандыру ұйымдарының қазіргі кезде жүзеге асыратын негізгі қызметі автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болып табылады. Өмірді сақтандыру және жеке сақтандырудың басқа да түрінің, денсаулығын және еңбекке қабілеттілігін ұзақ мерзімді жинақтаушы өмірді сақтандыру жөніндегі қызметтер сақтандыру рыногында іс жүзінде жоқ.

Келтірілген мәліметтер сақтандыру ұйымдарының осы уақытқа дейін толыққанды қаржы делдалдары ретінде де, белсенді институционалдық инвесторлар ретінде де дамымағанын айғақтайды. Бұл ретте сақтандыру ұйымдарының, олардың сақтандыру резервтерінің өтімділігі аз құрылымына және олардың арасында кеңінен таралған сақтандыру төлемдері бойынша демпингтік жеңілдіктер беру практикасына байланысты қабылдаған тәуекелдер бойынша, міндеттемелерінің орындалу қабілеттігіне елеулі күмән туындайды.

Қысқа мерзім ішінде сақтанушылардың құқықтары мен зиянды мүдделерін қорғау, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын арттыру және олар жүзеге асыратын қаржылық мәмілелердің ашық жүргізілуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануы тиіс. Сондай-ақ, міндетті сақтандырудың түрлерін енгізудің және жұмыс істеуінің тетіктерін жетілдіру ерікті сақтандыруды дамыту үшін көтермелеу қажет.

Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы халықтың сақтандыру қызметімен бірдей қамтылуын қамтамасыз ету маңызды. Осыған байланысты, сақтандыру ұйымдарына мемлекеттік пошта-жинақтаушы жүйесінің сақтандырудың жаппай түрлері бойынша делдалдық қызмет көрсету саласын дамытуды жалғастыру қажет.

Қазақстандағы сақтандыру индустриясын дамыту жөніндегі негізгі іс-шаралар Қазақстан Республикасындағы сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде іске асырылуы тиіс.

Зейнетақы реформасы іске қосылған толық емес өткен екі жыл ішінде жинақтаушы зейнетақы қорлары және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар халықтан тартылған қаражаттың көлемі бойынша екінші деңгейдегі банктермен тез теңесе (бұған міндеттілік сипаттағы зейнетақы аударымдарын енгізген мемлекеттік тікелей қатысуымен қол жеткізілсе де) отырып, қазақстандық қаржы институттарының ең қуатты тобына айналды.

Жинақтаушы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі негізгі екі бағытта дамиды: зейнетақы активтерін ықтимал инфляциялық және басқа да қатерден қорғау тетіктерін

сақтай отырып, қолайлы қаржы құралдарының тізбесін кеңейту (зейнетақы жинақтарының тұрақты өсуіне байланысты ерекше көкейкесті болады), сондай-ақ ерікті зейнетақымен қамтамасыз етудің кеңінен түсіндірілуі.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінен жекелеген алушыға оның жеке шотындағы ақшаны толық алуға дейін төлеу жүргізу - жинақтаушы зейнетақы жүйесі ерекшеліктерінің бірі болып табылады, бұл осындай алушыға ұзақ өмір сүрген жағдайда зейнетақысыз қалу қаупін туғызады. Сондықтан, өмірінің ұзақтығына қарамастан, сақтандырылған тұлғаға оның зейнетақы жасына жетуі бойынша мерзімді сомалар (аниуитеттер) төлеу көзделетін сақтандырудың жаңа түрі - зейнетақыны сақтандыруды енгізу жөніндегі шаралар қабылдануы тиіс.

Жұмыс істеп тұрған жинақтаушы зейнетақы жүйесі жинақтаушы сақтандыру жүйесін дамытуды талап етеді. Осындай тетікті жасау сақтандыру компанияларының есебінен зейнетақы жасына жеткенге дейін еңбек ету қабілетінен айрылған адамдарды (мүгедектерді), сондай-ақ асыраушысы қайтыс болған жағдайда еңбекке қабілетсіз асырауындағы адамды тұрақты өмір бойғы жәрдемақымен қамтамасыз етуге мүмкіндік т у ғ ы з а д ы .

Ірі институциональдық инвесторлардың болуы және банктік кредиттермен салыстырғанда, неғұрлым арзан ресурстарды тарту мүмкіндігі мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдарды өздерінің, қор рыногында орналастыруға арналған, бағалы қағаздарын шығаруға итермелейді. Көптеген менеджерлер олар басқаратын кәсіпорындарға бақылау жасауды жоғалтудан қауіптенген жағдайда, ал акциялар бойынша кіріс әлі де инфляция қарқынымен салыстыруға келмеген жағдайларда, қаржыландыру көздерін тартудың неғұрлым кең таралған тәсілі сыйақы (мүдде) қаржылық индикаторлардың бірі - инфляция қарқынына немесе басқалармен байланыстырылған облигациялардың шығарылымы болу керек. Бұл ретте, оларды шығарудың көлемі және шарттары, ең алдымен институциональдық инвесторлар үшін белгіленген нормаларға сай болады.

Халықтың бағалы қағаздар рыногындағы белсенділігін арттыруға және қаржы құралдарына сенімдерін арттыруға мемлекеттің, шетелдік валютаға номинациялануы мүмкін және тек қана халық арасында орналастырылған, құжаттандырылған облигациялар шығаруы ықпал жасайды. Халықтың неғұрлым қалың жіктерін тарту үшін төмен бағаны, сондай-ақ теңгемен де және шетелдік валютамен де есеп айырысу мүмкіндігін к ө з д е у қ а ж е т .

Басқару қызметкерлерінің экономикалық сауаттылығының артуына қарай

акциялардың қор рыногындағы ұсыныстарын күту керек. Бұл ретте маңызды рөлді брокерлік-дилерлік ұйымдар және бағалы қағаздардың жаңа андеррайтерлері және эмитенттердің консультанттары ретіндегі олардың синдикаттары орындауы тиіс.

Қазақстандық акцияларға және мемлекеттік емес облигацияларға инвесторлардың сенімділік деңгейін көтеру мемлекеттік емес бағалы қағаздардың эмитенттері - ұйымдардың ашықтылығы деңгейін көтеруге ықпал жасайды. Қазақстанда аса ірі компанияларға өз қызметтері туралы ақпаратты ашу жөнінде қойылатын талаптарды арттыру керек. Қор биржасына листинг рәсімінен өткен эмитенттердің оған беретін ақпараттар тізбесі, сондай-ақ осындай ақпаратты берудің тәртібін заңнамалық деңгейде а й қ ы н д а у қ а ж е т .

Аударымдық вексельдерді төлем құралы ретінде пайдаланудың тәжірибесі жинақталады және борыштарды қауіпсіздендіру практикасы таратылады. Азаматтық құрылыстың қалпына келтірілуіне қарай қаржылық айналымға тұрғын үй сертификаттары (облигациялар) тартылатын болады.

Қаржылық қызметтер көрсетудің тізбесін кеңейту жинақ ақшаларды көтермелеу және ынталандыру жүйесін енгізумен байланысты. Халықтың жинақ ақшаларын тартуға ғана емес, сонымен қатар және халықтың ұзақ мерзімді қаржы ресурстарына еркін көз жеткізуін қамтамасыз ететін қаржы құралдарын шығаруды ынталандыру қажет. Бұл, бірінші кезекте, ипотекалық несиелеу жүйесіне және құрылыс жинақ ақшалары жүйесіне қатысты. Ипотекалық несиелеу жүйесі, негізінен тұрғындардың жан басына шаққанда орта деңгейден жоғары кірісі бар жіктеріне бағдарланғандығын, ал құрылыс жинақ ақшалары жүйесінің тұрғындардың табысы аз топтарының қатысуларын жорамалдайтындығын ескере отырып, Қазақстанда тұрғын үй қаржыландыруының тиімді тетігін құру кезінде ипотекалық несиелеу жүйесін де және сол сияқты құрылыс жинақ ақшаларын да дамыту қажет.

Осы бағыттың қалған іс-шаралары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 658 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 P990683_ қаулысымен бекітілген 1999-2000 жылдарға арналған жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру бағдарламасымен айқындалған.

С а л ы қ з а ң д а р ы н ж е т і л д і р у

Осы бағыттың негізгі іс-шаралары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 658 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1999-2000

жылдарға арналған бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасымен айқындалған.

Қысқа мерзім ішінде өмірді, денсаулықты және еңбекке қабілеттілікті сақтандыруға азаматтарды және олардың жұмыс берушілерін ынталандыру жөніндегі шаралар қабылдау қажет. Сондай-ақ, сақтандыру ұйымдарына олардың қаржылық делдалдар ретіндегі қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, салық салу тетіктерін жетілдіру қажет. Сақтандыру саласындағы салық заңдарын жетілдіру жөніндегі негізгі іс-шаралар Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде айқындалады.

Қаржы рыногының ақпараттық инфрақұрылымын қ а л ы п т а с т ы р у

Инвесторлардың қаржылық ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында оны таратудың тәсілдерін кеңейту жөніндегі бірқатар шаралар қабылдау к е р е к , о н ы ң і ш і н д е :

1) беттерінде ақпараттық-талдау материалдары және қаржы рыногының мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер жарияланатын "Қаржы рыноктарының бюллетені" газетін шығару және кеңінен тарату басталуы тиіс;

2) Интернет желісі арқылы қаржы рыногының мәселелері бойынша ақпараттық қ ы з м е т к ө р с е т у д і ұ с ы н у т и і с ;

3) қаржы институттары және олардың трансфер-агенттері өздерінің

клиенттеріне оларға қатысты ақпаратты уақытылы және толық жеткізулері үшін мемлекет мақсатты бақылау жасалуын жүзеге асыруы тиіс.

Осы бағыттың қалған іс-шаралары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 658 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 911

Р 9 9 0 9 1 1 _

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тікелей инвестициялар тартудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасымен айқындалған.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2000 жылғы 18 тамыздағы
N 1277 қаулысымен
бекітілген

Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру жөніндегі
іс-шаралар жоспары

ЕСКЕРТУ. 6,7-жолдар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369
қаулысымен.

Р 0 1 1 3 6 9 _

Халықтың және ұйымдардың жинақ ақшаларын елдің қаржы жүйесіне
тартудың тетіктерін құру

Реттік! Шара ! Орындауға ! Аяқталу ! Орындау
N ! ! жауаптылар ! нысаны ! мерзімі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

1 Жеке тұлғалардың Қазақ. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің Тұрақты
стан Республикасының (келісім нормативтік
екінші деңгейдегі банк. бойынша) құқықтық
теріндегі салымдарын кесімдері
(депозиттерін) міндетті
ұжымдық кепілдендіру
(сақтандыру) ережесін
жетілдіру

2 Салымдарды (депозиттер. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің 2001 жылдың
ді) ұжымдық кепілдендіру (келісім нормативтік бірінші
(сақтандыру) тетігін бойынша) құқықтық жартыжылдығы
жеке тұлғалардың талап кесімдері
ету депозиттеріне қол.
дану

3 Заң кесімдеріне бағалы БҚҰК (келісім "Қазақстан 2000 жылдың қағаз құпиялығын қорғау бойынша), Республикасы. II тоқсаны мәселелері жөнінде Ұлттық Банк ның кейбір қажетті өзгерістер мен (келісім заң келісім. толықтырулар әзірлеу бойынша), деріне аза.

Қаржымині, маттардың
Мемкірісмині, жинақ ақшалар.
Әділетмині, дың қаржы
Қазақстан жүйесіне тарту
қаржыгерлер мәселелері
қауымдастығы бойынша өзге.
(келісім рістер мен то.
бойынша), ПМ, лықтырулар ен.
ҰҚК, Бас про. гізу туралы"
куратура (ке. заң жобасы,
лісім бойын. нормативтік
ша), Жоғарғы құқықтық
Сот (келісім кесімдер
бойынша)

Қаржы құралдарының және қаржылық қызмет көрсетулердің тізбесін кеңейту

4 Сақтандыру ұйымдары Ұлттық Банк "Сақтандыру 2000 жылдың клиенттерінің (келісім және сақтан. II тоқсаны (сақтандырушылардың, бойынша) дыру қызметі пайда табушылардың және туралы" заң. сақтандырылған тұлғалар. ының жобасы, дың) заңды мүдделерінің Ұлттық Банк. тиімді қорғалуын тің норматив. қамтамасыз ету тік құқықтық актілері

5 Қазақстан Республика. Ұлттық Банк Президенттің 2000 жылдың сындағы сақтандыруды (келісім жарлығы III тоқсаны дамытудың 2000-2002 бойынша) жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу

Институциональдық	Үкіметтің	Тұрақты
инвесторлардың қаражат.	нормативтік	
тарын ықтимал инфляция.	Қаржымині,	құқықтық
лық және девальвациялық	Ұлттық Банк	кесімдері,
қатерден қорғау тетік.	(келісім	Ұлттық
терін сақтай отырып	бойынша)	Банктің
қаржы құралдарының тіз.	нормативтік	
бесін кеңейтуге	құқықтық	
мүмкіндік жасау	кесімдері	

Аннуитет шарттары арқылы Ұлттық Банк "Қазақстан 2001 жылдың
 зейнеткерлік жасына (келісім Республика. екінші
 жеткен адамға, оның бойынша), сында зейне. жартыжылдығы
 зейнетақы салымдарының ЕХҚМ Жинақтау. тақымен қам.
 есебінен, сондай-ақ шы зейнетағы сыздандыру
 зейнетақы жасына жеткен. қорларының туралы" заңға
 ге дейін еңбекке қызметін өзгерістер
 қабілеттілігін жоғалтқан реттеу мен толықты.
 адамға, және асыраушысы жөніндегі рулар енгізу
 қайтыс болған жағдайда комитеті туралы" заң
 еңбекке қабілетсіз (бұдан әрі - жобасы, Ұлттық
 біреудің асырауындағы ЖЗҚ ҚРК, Банктің норма.
 адамдарға жүйелі түрде тивтік құқықтық
 сомаларды төлеу көзде. кесімдері, ЖЗҚ
 тін зейнетақылық ҚРК-ның норма.
 сақтандыруды енгізу тивтік құқық.
 тық кесімдері

8 Жұмыс істейтін азамат. Ұлттық Банк "Жұмыс істейтін 2001 жылдың
 тардың өмірін, денсау. (келісім азаматтардың бірінші
 лығын және еңбекке бойынша), өмірін, денсау. жартыжылдығы
 қабілеттілігін міндетті ЕХҚМ, БҚҰК лығын және ең.
 сақтандыруды енгізу (келісім бекке қабілетті.
 бойынша) лігін міндетті
 сақтандыру

туралы" заң
жобасы

9 Вексельдерді қаржы құ. Ұлттық Банк Нормативтік 2000 жылдың
ралдары ретінде пайдала. (келісім құқықтық екінші
ну тәртібін белгілеу бойынша), кесімдер жартыжылдығы
және борыштарды қауіп. БҚҰК
сіздендіру практикасын (келісім
қолдануға мүмкіндік бойынша)
жасау

10 Халық арасында орналас. Қаржымині, Үкіметтің 2000 жылдың
тыруға арналған құжат. Ұлттық Банк қаулысы екінші
тандырылған облигация. (келісім жартыжылдығы
ларды шығаруға кірісу бойынша),
БҚҰК
(келісім
бойынша)

11 Ипотекалық несиелеу Ұлттық Банк Нормативтік 2000 жылдың
жүйесін және құрылыс (келісім құқықтық екінші
ақшалай жинақтары бойынша), кесімдер жартыжылдығы
жүйесін дамытуды БҚҰК
ынталандыру (келісім
бойынша)

12 Қор биржасында листинг. БҚҰК "Акционерлік 2000 жылдың
тен өткен мемлекеттік (келісім қоғамдар екінші
емес бағалы қағаздардың бойынша) туралы", жартыжылдығы
эмитенттері - ұйымдардың "Бағалы қа.
қор биржасына беретін ғаздар рыногы
ақпараттың тізбесін, туралы" заң.
сондай-ақ осындай ақпа. дарға өзгеріс.
ратты берудің тәртібін тер мен толық.
заңнамалық деңгейде тырулар енгізу
айқындау туралы" заң
жобасы

Қаржы рыногының ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру және

ақпараттық-ағарту бағдарламаларын жүзеге асыру

- 13 "Қаржы рыноктарының БҚҰК "Қаржы рынок. 2001 жылдың бюллетені" газетін (келісім тарының бюл. І тоқсаны шығаруды бастау бойынша), летені" газе.

Қаржымині, тін шығару

Ұлттық Банк

(келісім

бойынша),

"Қазақстан

қор биржасы"

ЖАҚ (бұдан

әрі - KASE)

(келісім

бойынша)

-
- 14 Интернет желісі арқылы БҚҰК WEB-сайттарды 2000 жылдың қаржы рыноктарының (келісім құру бірінші мәселелері бойынша ақ. бойынша), жартыжылдығы параттық қызмет көрсе. Қаржымині, тулер ұсынуды қамтама. Ұлттық Банк сыз ету (келісім

бойынша),

KASE

(келісім

бойынша)

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК